

0 ж. 28 05


ЗАҢДЫ
Мемлекеттік қаласы
БСН 94190001633
Алғашын тұрған күнде 21 жыл

Акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен,

2014 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 01-01-2014 хаттама бойынша

БЕКІТІЛГЕН



ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ
Өнділет басқармасы

2015 ж. «03» 01
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЕНГІЗІЛДІ

Бүйрық № 3-8/323-17

**ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАРСЫЗ
ЖАРАМСЫЗ**

«Теміртау электрметаллургиялық комбинаты» акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Қарағанды қаласы, 2014 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Жарғы «Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) қызметінің құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, атқарымдарын, өкілдіктерін және негізгі қағидаттарын айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» акционерлік қоғамы;
орыс тілінде: Акционерное общество «Темиртауский электрометаллургический комбинат».

1.3. Қыскартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» АҚ;
орыс тілінде: АО «Темиртауский электрометаллургический комбинат».

1.4. Қоғамның атқарушы органдың орналасқан жері: 100000, Қазақстан Республикасы, Караганды қаласы, Октябрьский ауданы, Белинский к-сі, 1 үй.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

2.1. Қоғам; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзіндік теңгерімі, банк есепшоттары болады, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденуге және жүзеге асыруға, міндет атқаруға, сotta талапкер не жауапкер болуга құқылы.

2.2. Қоғамның өз атауы және өзге де деректемелері жазылған, оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі және бланкілері болады.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңын (бұдан әрі – Зан), Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны және Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқыбы.

2.5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның мекен-жайынан тысқары орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде өз атынан және қоғамның тапсыруы бойынша филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2.6. Қоғам «Теміртау электрометаллургиялық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің және «Алаш» жабық акционерлік қоғамының құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік тартады.

3.2. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік тартпайды. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

4.1. Қоғам келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

4.1.1. пайдалы қазбаларды іздеу, барлау және өндіру;

- 4.1.1. пайдалы қазбалардың кенсіз кеңіштерін өңдеу және солардың негізінде құрылыш материалдарын өндіру;
- 4.1.2. пайдалы қазбалардың кенді кеңіштерін өңдеу, оларды қайта өңдеу және өткізу;
- 4.1.1. минералды шикізатты қайта өңдеу, химия және металлургия өнеркәсібінің өнімін өткізу;
- 4.1.2. жобалау және құрылыш-монтаж жұмыстарын орындау, сәулет-кала құрылышы қызметі;
- 4.1.3. өнеркәсіптік өндірістерді, жарылышка, өртке қауіпті өндірістерді және тау-кен өндірістерін, қысым астында жұмыс істейтін казандықтарды, сыйымды ыдыстарды және құбылжолдарды жобалау, салу және қолдау;
- 4.1.1. сынаулар, соның ішінде сертификаттық сынаулар жүргізу.
- 4.2. Мемлекеттік лицензия алуға тиісті қызмет, тиісінше лицензия болған кезде Қоғам тарапынан жүзеге асырылады.
- 4.3. Қоғам оны құрудың мақсаттарына қарама-қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

5. Қоғам акционерлерінің құқықтары

5.1. Қоғам акционерінің құқықтары:

- 1) Занда және Қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысу;
- 2) дивидендер алу;
- 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналышында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;
- 4) Қоғам тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
- 5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсыну;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;
- 7) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайзыны дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, «Акционерлік қоғамдар туралы» заңын 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгіну;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алу;
- 9) қоғам таратылған кезде мұліктің бір бөлігіне;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Занда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу.

5.2. Ірі акционердің, сондай-ақ келесі құқықтары бар:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын шақыруды талап ету немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгіну;
- 2) директорлар кеңесіне осы Занға сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуі ұсыну;
- 3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- 4) өз есебінен аудиторлық үйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап ету.

5.3. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда Қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған кезде осы Заңда белгіленген тәртіппен мүлкітің бір бөлігіне басым құқығы бар.

Акционерлердің құқықтары мен міндеттерінің тізбесі Заңда белгіленеді.

6. Қоғамның мүлкі

6.1. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

- 1) акционерлердің Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлкі;
- 2) оның қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік.

7. Акциялар, облигациялар. Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары

7.1. Қоғам жай акцияларды шығарады. Жай акция оны иеленетін әрбір акционерге жай акциялардың басқа да иелерімен бірдей көлемде құқықтар береді. 7.2. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналышына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен күәландырылған құқықтарды пайдаланады.

7.3. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі онымен жасалған шарттың негізінде Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

Қоғам сатып алған өз акциялары туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне міндетті түрде енгізілуге тиіс.

Акционерлердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен алынған үзінді көшірмелер қолданылады.

7.4. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

7.5. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауга болмайды.

7.6. Қоғам әрбір акционерге жолданатын орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы жазбаша хабарлау жолымен орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы акционерлердің хабардар етеді.

7.7. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, қозғалысы және есепке алушың басқа да мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылданған кезде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышында айқындалады.

8. Таза кірісті бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

8.1. Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті телемдерді толегеннен кейін) қоғамның басқаруында қалады және акционерлердің жалпы

жиналышының шешімімен айқындалған тәртіппен, соның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналышының шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.

Акционерлердің жалпы жиналышы жыл қорытындысымен жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, егер соң немесе акционерлердің жалпы жиналышы оны тарату туралы шешім шыгарса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

8.2. Мынадай жағдайларда Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:

1) меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болғанда;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасаута қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

9. Қоғамның органдары

9.1. Қоғамның органдары мыналар:

- 1) жоғары орган - Акционерлердің жалпы жиналышы;
- 2) басқару органдары - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган (жеке дара) - Бас директор;

9.2. Егер барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болса, акционерлердің жалпы жиналышы өткізілмейді. Заңда және осы жарғыда акционерлердің жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға нұқсан келтірмейтін және оларды шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

10. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы

10.1. Қоғамның жоғары органдары болып Акционерлердің жалпы жиналышы табылады. Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.

10.2. Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциямен бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту, егер осы кодекстің қабылдануы Қоғамның жарғысымен көзделген болса;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

- 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйакы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шакқандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 14) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше белгілін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналышы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 18) акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
- 19) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, соның ішінде, егер мұндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 20) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 21) шешім қабылдау осы Занда және (немесе) осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.3. Осы Жарғының 10.2. тармағының 17) тармағында және 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Жалпы жиналыштың қалған мәселелер бойынша, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналышы төрагасының және хатшысының таңдауы бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санынан дауыстардың жай басым көпшілігімен қабылданады.

10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышын директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы мыналардың бастамасы бойынша шакырылады:

- 1) директорлар кеңесі;
- 2) ірі акционер.

Ерікті тұрде таратылу үдерісіндегі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы міндетті тұрде шакырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналышын әзірлеу мен өткізуі мыналар жүзеге асырады:

- 1) атқарушы орган;
- 2) езімен жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның тарату комиссиясы.

Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналышын шакырудың осы Занда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналышы кез келген

мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізу мүмкін. Егер қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орында маса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізу мүмкін.

10.5. Ірі акционерлердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері «Акционерлік қоғамдар туралы» КР заңымен айқындалады.

10.6. Акционерлерге («алтын акцияның» иесіне) алда жалпы жиналыс өткізілетін туралы жиналыс өткізілетін күннен – күнтізбелік отыз күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

1) қоғамның атқарушы органдының толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналыска қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;

4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртіби.

10.7. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса және сөз сөйлей алады. Қорсетілген тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

10.8. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жеткізилған кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10.9. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізу мәселелер жүзеге асырады: Бас директор; өзімен жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі; Директорлар кеңесі; Қоғамның тарату комиссиясы.

11. Директорлар кеңесі

11.1. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жеткізилған мәселелерді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

- 3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8) аткарушы органның сан құрамын, өкілдік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (аткарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) аткарушы органның басшысы мен мүшелерінің (аткарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақты төлеу талаптарын айқындау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілдік мерзімін айқындау, оның өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру максатында аткарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), соның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайзызы (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
- 15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу улесінің) он және одан да көп пайзызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 16) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайзызы болатын шамаға көбейту;
- 17) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы акпаратты айқындау;
- 18) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 19) осы Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген, Акционерлердің жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

11.2. Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналышымен сайланады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Бұл арада, Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайзызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

11.3. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелері арасынан сайланатын Төраға, Директорлар кеңесіне басшылық етеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қоғам Жарғысында белгіленген өзге де қызметтерді

жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметтерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

11.4. Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайзызын құрайды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, отырыска қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көшілік дауысымен кабылданады.

11.5. Мына тұлғалар Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланы алмайды:

- 1) жоғары білімі жок;
- 2) заңмен белгіленген тәртіппен сотталғандығы өтелмеген немесе алынып тасталмаған;
- 3) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аса басқа заңды тұлғаның басшысы болып табылған.

Қоғамның Президенті Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланы алмайды.

11.6. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібі Заңмен айқындалады.

Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Бас директордың бастамасы бойынша немесе мыналардың талабы бойынша шақырыла алады:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 3) ірі акционер;

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғамның Бас директорына жүгінуге құрылты, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндettі болады.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Бас директор, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндettі турде шақыра отырып өткізіледі.

11.7. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне, отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын беріледі. Директорлар кеңесінің мүшелері келісім берген жағдайда, материалдарды Директорлар кеңесінің мүшелеріне ең қысқа мерзімде беруге болады.

11.8. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық өткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға тиіс.

11.9. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетенъдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Сырттай дауыс беру директорлар кеңесін шақыруға бастамашы болу құқығы бар шешімдерін бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда - шешімдерінің органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, накты және бірнеше бастап он күннен кешіктірілмей жіберіледі (таратылады).

Бюллетенде мыналар болуы тиіс:

- Қоғамның толық атауы;
- мажілісті өткізуінде бастамашы туралы мәліметтер;

- дауыс беруге арналған бюллетендерді ұсынудың түпкілікті күні;
- дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселелер);
- «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- бюллетенің толтыру тәртібі бойынша түсіндірме.

Дауыс беруге шығарылған мәселелер (мәселелер) бойынша материалдар, материалдарды Директорлар кеңесінің мүшелеріне ең қысқа мерзімнің ішінде ұсынуға болатын кейір жағдайларды қоспағанда, сырттай дауыс беру өткізілетін күнге дейін кеш дегендеге 5 күн бұрын Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетендерді коса бере отырып, жазбаша түрде ресімделеді және оған Директорлар кеңесінің Хатшысы мен Төрағасы қол қоюға тиіс.

11.11. Директорлар кеңесі отырысының екі нысанын үйлестірге болады. Бұл,

Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі катыса алмайтын жағдайға қатысты болады. Бұл арада, Директорлар кеңесінің катыспай отырган мүшесі техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып, қарастырылатын мәселелерді талқылауға катыса алады және өзінің пікірін жазбаша түрде ұсынуға тиіс болады.

11.12. Кворумды және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелерін белгілеген кезде, Директорлар кеңесінің отырысына қатыспай отырган Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

Жазбаша пікір, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің мүшесі тараапынан Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылуға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі отырыстың күн тәртібінің барлық мәселелері және жекелеген мәселелер бойынша білдіріле алады. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі, Директорлар кеңесі мүшесінің «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нәтижелерін қамтитын күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нәтижелерін және кворумды айқындаған кезде ғана ескеріледі.

11.13. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында Директорлар кеңесі мүшесі бапшылған жағдайда, отырысты өткізгенге дейін алынған оның жазбаша пікірі, кворум мен дауыс беру нәтижелерін айқындаған кезде ескерілмейді.

12-бап. Қоғамның атқарушы органды

12.1 Қоғамның ағымдағы қызметіне атқарушы орган (жеке дара) - Бас директор басшылық етеді.

12.2 Бас директор Акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, оның ағымдағы барлық мәселелерін шешетін Қоғамның жеке дара атқарушы органы болып табылады, сондай-ақ өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің алдында жауапкершілік тартады.

12.3. Бас директор, Қоғамның Директорлар Кеңесі тараапынан сайланады және Қоғамның қызметіне басшылық етеді.

12.4. Қоғамның Бас директоры басқа занды тұлғаның атқарушы органының басшысы атқаруға құқылы емес.

12.5. Бас директордың құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғамдағы Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шығарған шешімдердің орындалуын ұйымдастыру;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпке және мерзімге сай, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің орташа мерзімді арналған жоспарының әзірленуін және оның орындалуы туралы есеп-напистың дайындалуын қамтамасыз ету;

- 3) Қоғамның мақсаттарына жетуге бағытталған шешімдерді қабылдау;
- 4) Қоғамдағы Акционерлердің жалпы жиналышы мен Директорлар кеңесі құзыретіне жатқызылмаған ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- 5) Қоғамның ұйымдық бірліктері (бөлімшелері) туралы ережелерді бекіту;
- 6) статистикалық есептілікті қалыптастыру;
- 7) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;
- 8) дивидендтер бойынша болжамды көрсеткіштерді ұсыну.
- 9) Қоғамдағы Акционерлердің жалпы жиналышының немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне қатысты басқа барлық мәселелердің шешімін табу.

12.6. Қоғамның Бас директоры:

- 1) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 3) Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 4) Қоғамның жұмысшыларын (ішкі аудит қызметінің жұмысшыларын қоспағанда) жұмыска қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелдеу (сыйлықақы беру) шарапаларын және тәртіптік жазаларды қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғамның жұмысшыларының лауазымдық жалақыларының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның жұмысшыларына берілген сыйлықақы мөлшерін белгілейді;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналышының немесе Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Бас директор болмаған жағдайда, оны алмастыратын тұлға Бас директордың қызметін атқарады.

13. Корпоративтік хатшы.

Қоғамда Корпоративтік хатшы лауазымы енгізіле алады. Корпоративтік хатшының қызметі, жұмыс тәртібі және міндеттері Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінде айқындалады.

14. Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну тәртібі. Қоғамның ақпаратты ашуы

14.1. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тәртіпші ұсынған мәліметтер негізінде жүргізеді (үәкілдегі орган белгілеген тәртіпте ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

14.2. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилииленген тұлғалары туралы ақпаратты мынадай көлемде ұсынады:

Жеке тұлғалар туралы					
Ном, аты, сөзсөзінің аты (бапта)	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның түрғылықты жері	Тұған күні	Үлестес екендігін тану үшін негіздемелер	Үлестес бола бастаған күні	Ескертпе

туралы мәліметтер			
----------------------	--	--	--

Занды тұлғалар туралы				
Занды тұлғаның толық атауы	Занды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткен күні мен нөмірі, занды тұлғаның пошталық мекен-жайы мен нақты орналасқан жері	Үлестес екендігін тану үшін негізdemeler	Үлестес бола бастаған күні	Ескертпе

14.3. Қоғамның үлестес тұлғалару туралы мәлімет Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен корғалатын өзге де құпия болып табылмайды. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және занды тұлғалар үлестес бола бастаған күннен бастап жеті күннің ішінде өздерінің үлестес тұлғалару туралы мәліметті Қоғамға ұсынуға міндетті.

Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен ұсынуға міндетті.

14.4. Қоғам, қоғамның мүдделерін қозғайтын өзінің қызметі туралы акпаратты Зандға және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның <http://www.temk.kz/> ресми сайты арқылы өз акционерлерінің қаперіне жеткізеді.

Акционерлік қоғам және оның акционерлері өзінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануға тиісті басқа акпаратты жариялау үшін пайдалануға тиісті бұқаралық ақпарат құралы – Қоғамның <http://www.temk.kz/> ресми сайты.

14.5. Акционердің талап етуі бойынша қоғам акционерге Зандда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

14.6. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органдына жазбаша нысанда етініш жазады. Акционердің етініші, қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында түркедүте тиіс. Қоғам, етініш берілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде талап етілген акпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) акционерге ұсынуға міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындау шығыстарының күнінан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы тиіс.

15. Есепке алу, есептілік және аудит

15.1 Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және есептік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

15.2 Жылдық қаржылық есептілік: бухгалтерлік тенгерімді, кірістер мен шығыстар туралы есеп-кисапты, ақша қозғалысы туралы есеп-кисапты, өзіндік капиталдағы өзгерістер туралы есеп-кисапты, түсіндірме жазбаны камтиды.

15.3 Атқарушы орган, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі жиналысына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті акционерлердің жиналысына талқылау және бекіту үшін жыл сайын ұсынады. Атқарушы орган жиналық есептіліктен басқа жалпы жиналысқа аудиторлық есеп-кисапты ұсынады. Жылдық жиналық есептілікті директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін жүнде дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі акционерлердің жылдық жалпы жиналысында түпкілікті түрде бекітіледі.

15.4 Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес үйымы (үйымдары) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайда уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан белгіленген тәртіппен және мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялауға міндettі.

15.5 Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндettі. Қоғамға аудит директорлар кенесінің, атқарушы органдың бастамасы бойынша қоғам есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте ірі акционер аудиторлық үйымды дербес анықтауға құқылы.

15.6 Акционерлердің жалпы жиналышының талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық үйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндettі.

15.7 Егер Қоғамның Бас директоры Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

15.8 Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

16. Қоғамды қайта үйымдастыру және тарату

16.1. Қоғам акционерлердің жалпы жиналышының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша қайта үйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

16.2. Қоғамды қайта үйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

17. Қорытынды ережелер

17.1. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

17.2. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Баянов Дархан Болатович

Қоғамның Бас директоры,

«Теміртау электрметаллургиялық комбинаты»

акционерлік қоғамы

акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышының

30.12.2014 жылғы шешімі (№ 01-01-2014 хаттама)

негізінде әрекет етеді

 баянов дархан болатович

УТВЕРЖДЕН

решением общего собрания акционеров акционерного общества,

Протокол от 30 декабря 2014 года

№ 01-01-2014



акционерное общество «Темиртауский электрометаллургический комбинат» (далее – «Общество»), созданное в соответствии с Уставом Акционерного общества «Темиртауский электрометаллургический комбинат», утвержденным решением общего собрания акционеров АО «Темиртауский электрометаллургический комбинат» от 10.06.2010 г. № 01-01-2010, в соответствии с которым Общество имеет юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Темиртау, улица Белинского, 100000.

У С Т А В

акционерного общества «Темиртауский электрометаллургический комбинат»

Общество имеет право на осуществление производственной и научно-исследовательской деятельности.

Общество и его подразделения расположены в г. Темиртау, Карагандинской области, Республика Казахстан «Об акционерных обществах (далее – «Общество»), созданном в соответствии с Уставом Республики Казахстан, в течении восемнадцати Установлены в соответствии с Уставом и Порядком, установленным в соответствии с Уставом Республики Казахстан, в соответствии с Уставом Акционерного общества «Темиртауский электрометаллургический комбинат».

Общество осуществляет производственную деятельность в Республике Казахстан, в соответствии с Уставом Акционерного общества «Темиртауский электрометаллургический комбинат».

Общество является производителем сталей и обливистой Товарищества с ограниченной ответственностью «Темиртауский электрометаллургический комбинат» в Западном кластерном

3. Составленность Устава и изменения

Общество, действующее по своему общему согласию в пределах своих полномочий, не имеет обязательств перед лицами, не имеющими общего с Обществом интереса, кроме случаев, предусмотренных Уставом Республики Казахстан.

4. Основные виды деятельности Общества

г. Караганда, 2014 г.

1. Общие положения

1.3. Настоящий Устав определяет правовой статус, цели, функции, полномочия и основные принципы деятельности акционерного общества «Темиртауский электрометаллургический комбинат» (далее - Общество).

1.4. Полное наименование Общества:

на государственном языке: «Теміртау электрметаллургиялық комбинаты» акционерлік когамы;

на русском языке: Акционерное общество «Темиртауский электрометаллургический комбинат».

1.5. Сокращенное наименование:

на государственном языке: «Теміртау электрметаллургиялық комбинаты» АК;

на русском языке: АО «Темиртауский электрометаллургический комбинат».

1.6. Местонахождение исполнительного органа Общества: 100000, Республика Казахстан, город Караганда, Октябрьский район, улица Белинского 1.

2. Юридический статус Общества

2.7. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

2.8. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

